- **Алдын ала кір жуу (Предварительная стирка):** бұл функцияны қатты ластанған заттарды жуған кезде іске қосу ұсынылады. Ескірген және сіңіп кеткен кірді кетіруге көмектеседі. Бағдарламаны таңдағаннан кейін «9» индикаторы жанғанша «Функциялар» батырмасын басыңыз.

Ескертпе

І бөлімге жуғыш затты қосыңыз.

- **Қосымша шаю (Дополнительное полоскание):** функция киімнен жуғыш заттың қалдықтарын мұқият жууға мүмкіндік береді. Бұл функцияны балалардың заттарын жуу үшін, сондай-ақ тығыз заттарды, мысалы, көрпелерді, сырт киімдерді және т.б. жуу үшін пайдалану ұсынылады. Бағдарламаны таңдағаннан кейін «10» индикаторы жанғанша «Функциялар» батырмасын басыңыз.

- **Қосымша жуу (Дополнительная стирка):** бұл функцияны қосқан кезде жуу циклінің уақыты және жуу тиімділігін арттыру үшін оның қарқындылығы артады. Бағдарламаны таңдағаннан кейін «11» индикаторы жанғанша «Функциялар» батырмасын басыңыз.

- **Кір жуу барысында кірді қосымша жүктеу:** функция кір жуу барысында заттарды барабанға қосымша жүктеуге мүмкіндік береді. Ол үшін жуу циклінің процесінде 3 секунд бойы «Бастау/Кідірту» батырмасын басу керек. Барабан тоқтап, есікшенің бұғатын ашқаннан кейін есікшені ашып, заттарды машинаға жүктеуге болады. Осыдан кейін сіз есікшені жауып, жуу циклын қалпына келтіру үшін «Бастау/Кідірту» батырмасын басыңыз керек.

НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!

Егер барабанда су деңгейі жоғары болса немесе жуу температурасы тым жоғары болса, функция қолжетімді емес.

- **Балалардан бұғаттау:** функция режимді ауыстырып-қосқышты және басқару панеліндегі барлық батырмаларды балалардың теңшелімдерді кездейсоқ өзгертуінен сақтай отырып бұғаттауды іске қосу үшін қолданылады. Функцияны қосу үшін жуу циклі кезінде «Кейінге қалдырылған бастау» және «Функциялар» батырмаларын дыбыстық сигнал пайда болғанға дейін және «8» индикаторы қосылғанға дейін бір уақытта кем дегенде 3 секунд басып ұстап тұру керек. Балалардан бұғаттау функциясы белсенді болған кезде дисплейде «CL» және жуу аяқталғанға дейінгі уақыт көрсетіледі. Батырмалардың кез келгенін басқан кезде «8» индикаторы жыпылықтайды. Жуу циклі процесінде функцияны болдырмау үшін батырмаларды кем дегенде 3 секунд басып тұру керек.

- **HYGIENE PRO:** бұл функция барабанды, люк есігін және жүктелген киімді күшейтілген дезинфекциялауға арналған. Жуу режимдерінде автоматты түрде қосылады: Мақта, Синтетика, Аралас маталар, Суық сумен жуу 20°C, Спорттық киім, Балалар киімі, Джинсылар, Барабанды тазалау. Әр жуу циклынан кейін барабанды автоматты түрде тазалау жүргізіледі.

- **Дыбыстық сигналды өшіру:** машинаны іске қосқаннан кейін дыбыстық сигналды өшіру үшін «Температура» батырмасын басыңыз және кемінде 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дыбыстық дабылдаманы қалпына келтіру үшін әрекетті қайталаңыз.

Бирюса WM-MX1214/15

Кір жуғыш машинаның жұмыс режимдерінің параметрлері

Режим	Жуғыш заттарға арналған науаның бөлімшелері			Қол жетімді атқарымдар			
	I	II		Кейінге қалдырылған бастау	Алдын ала жуу	Қосымша шаю	Қосымша жуу
Мақта (Хлопок)	○	√	○	○	○	○	○
Синтетика	○	√	○	○	○	○	○
Аралас маталар (Смешанные ткани)	○	√	○	○	○	○	○
Суық сумен жуу 20° (Холодная стирка 20°)		√	○	○		○	
Спорттық (Спортивная)	○	√	○	○	○	○	
Балалар киімі (Детская)	○	√	○	○	○	○	○
Джинстер (Джинсы)	○	√	○	○	○	○	
Шаю және сығу (Полоскание и отжим)			○	○		○	
Жылдам 45 мин (Быстрая 45 мин)		√	○	○		○	
Жылдам 15 мин (Быстрая 15 мин)		√	○	○			
Бумен өңдеу (Обработка паром)	○	√	○	○	○	○	○
ЭКО 40-60°		√	○	○			
Жүн (Шерсть)		√	○	○		○	
Көлемді заттар (Объемные вещи)	○	√	○	○	○	○	○
Сығу (Отжим)				○			
Атанақты тазарту (Очистка барабана)				○			
√ - Міндетті; ○ - Қажет болған жағдайда.							

Бирюса WM-MX1214/15

Режім	Макс. жүктеме, кг	Судың әдепкі температурасы, °C	Барабанның әдепкі айналу жылдамдығы, айн / мин	Әдеп. циклдің уақыты, сағ: мин
Мақта (Хлопок)	12,0	Хол., 20, 30, 40, 60, 90 (40)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1400)	3:49
Синтетика	6,0	Хол., 20, 30, 40, 60 (40)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200 (1200)	3:28
Аралас маталар (Смешанные ткани)	12,0	Хол., 20, 30, 40, 60, 90 (40)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (800)	1:30
Суық сумен жуу 20° (Холодная стирка 20°)	6,0	Хол., 20 (20)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200 (1000)	1:11
Спорттық (Спортивная)	6,0	Хол., 20, 30, 40 (20)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (800)	0:57
Балалар киімі (Детская)	12,0	Хол., 20, 30, 40, 60, 90 (60)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (800)	1:52
Джинстер (Джинсы)	12,0	Хол., 20, 30, 40, 60, 90 (60)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200 (800)	1:56
Шаю және сығу (Полоскание и отжим)	12,0	-	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)	0:30
Жылдам 45 мин (Быстрая 45 мин)	2,0	Хол., 20, 30, 40, 60 (20)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (800)	0:45
Жылдам 15 мин (Быстрая 15 мин)	2,0	Хол., 20, 30 (Хол.)	0, 400, 600, 800 (800)	0:15
Бумен өңдеу (Обработка паром)	6,0	40, 60, 90 (40)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)	1:58
ЭКО 40-60°	12,0	60	1400	4:00
Жүн (Шерсть)	2,0	Хол., 20, 30, 40 (40)	0, 400, 600, 800 (600)	1:07
Көлемді заттар (Объемные вещи)	12,0	Хол., 20, 30, 40, 60 (40)	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)	1:48
Сығу (Отжим)	12,0	-	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)	0:12
Атанақты тазарту (Очистка барабана)	-	90	400	1:28

Бирюса WMD-MX814/15

Машинаны басқару панелі



- 1 - Машинаның жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш.
- 2 - Сығу кезінде барабанның айналу жылдамдығын таңдау батырмасы. Батырманы реттілікпен басқанда, барабанның айналу жылдамдығы жоғарылайды немесе төмендейді, дисплейде орнатылған жылдамдық/Дыбысты өшіру/қосу функциялары көрсетіледі.
- 3 - Кір жуу кезінде судың температурасын таңдау батырмасы. Батырманы реттілікпен басқанда, судың белгіленген температурасы өзгереді, дисплейде орнатылған температура көрсетіледі.
- 4 - «**Кейінге қалдырылған бастау**» функциясын қосу батырмасы (жуу циклі аяқталғанға дейінгі уақытты таңдау) / «**Балалардан бұғаттау**» функциясы («**Кептіру**» батырмасымен бір уақытта басу кезінде).
- 5 - Кептіру қарқындылығын таңдау батырмасы. Батырманы реттілікпен басқан кезде кір жуғаннан кейін кептіру қарқындылығының дәрежесі өзгереді, тиісті «9» индикаторлары жанады. Кептіру қарқындылығын мына режимдерде таңдауға болады: Мақта, Аралас маталар, Балалар киімі, Жылдам 15 мин, Тек кептіру, Жуу + Кептіру, Синтетика.
- 6 - «**Кейінге қалдырылған бастау**» функциясын қосу индикаторы.
- 7 - Машинаның есікшiсін бұғаттау функциясын қосу индикаторы - таңдалған жуу бағдарламасы iске қосылғаннан кейін жанады.
- 8 - «**Балалардан бұғаттау**» функциясын қосу индикаторы.
- 9 - Таңдалған кептіру қарқындылығының индикаторлары. «**Кептіру**» батырмасының көмегімен ауыстырып қосқан кезде тиісті индикатор жанады.
- 10 - «**Бу**» функциясын қосу индикаторы.
- 11 - «**Бу**» функциясын қосу батырмасы. Функция режимдерге қосылуы мүмкін: Мақта, Аралас маталар, Балалар киімі.
- 12 - «**Кідірту/Бастау**» батырмасы - жуу циклын iске қосу үшін қызмет етеді және кез келген сәтте бағдарламаны / «**Жуу процесінде кірді үстеме жүктеу**» функциясының орындалуын уақытша тоқтатуға мүмкіндік береді.

Бирюса WMD-MX814/15

Кір жуғыш-
құрғатқыш
машинаның
жұмыс
режимдері

КАЗАКША

• **Мақта (Хлопок):** режим мақтадан, зығырдан немесе ерекше күтімді талап етпейтін басқа маталардан дайындалған орташа және қатты ластанған киімді (күнделікті киім, төсек-орын жабдығы) жууға арналған.

• **Аралас маталар (Смешанные ткани):** режим мата түріне қарай сұрыпталмаған, әдеттегі ластанған әдепкі бойынша 40°C температурада аралас заттарды жууға арналған.

• **Балалар киімі (Детская):** балалар киімдерін, жаялықтарды және т.б. 60 °C температурада қарқынды жуу режимі. Балалардың заттарын басқа заттардан бөлек жуу ұсынылады.

• **Жылдам 15 мин (Быстрая 15 мин):** кез келген типті матаны салқын су температурасында, сөл ғана ластанған заттарды күнделікті жууға арналған ұзақтығы аз кір жуу режимі.

Кептіру + 1 сағ (Стирка + сушка 1 час): кейіннен 1 сағат ішінде кептіру арқылы суық су температурасында 1 кг заттарды жуу режимі. Режимді қосу үшін ауыстырып-қосқышты «Жылдам 15 мин» режиміне бұрап, «Кептіру» батырмасын басыңыз.

• **Тек кептіру (Только сушка):** бұл режимде кірді кептірудің толық циклі ғана орындалады.

• **Жуу + кептіру (Стирка + сушка):** кейіннен ұзақтықпен кірді сығу және кептіре отырып стандартты жуу циклі.

• **Синтетика:** бұл режим жұмсақ және синтетикалық матадан жасалған бұйымдарды, перделерді және үлдірлі матадан жасалған бұйымдарды жууға арналған. Тоқылған бұйымдарды жуған кезде бұйымдардың пішінін бүлдірмеу үшін жуғыш құралдың мөлшерін азайту ұсынылады.

• **Жүнді алып тастау (Удаление шерсти):** Режим күшейтілген су ағынын беру, қосымша шаю және барабанның жылдамдығын арттыру арқылы киімдегі жүнді, шашты және жіптерді кетіруге арналған.

• **Жұмсақ (Деликатная):** бұл режим өте жұмсақ маталардан жасалған бұйымдарды жұмсақ жуу үшін ұсынылады.

• **Жылдам 59 мин (Быстрая 59 мин):** кез келген типті матаны 30°C температурада, сөл ғана ластанған заттарды күнделікті жууға арналған ұзақтығы аз кір жуу режимі.

• **ЭКО 40-60°:** 40-60°C температурада жуу. Ақ және оңақ емес түсті мақтадан жасалған заттарды, әдеттегі ластанған синтетиканы жууға арналған. Режим жуып кетірудің оңтайлы сапасын сақтаған кезде суды және электр энергиясын тұтынуды үнемдеуге арналған.

• **Жүн (Шерсть):** режим өндіруші машинада жууға жол беретін тек түкті және жартылай түкті бұйымдарды жууға арналған. Бұйымның құлақшасындағы ұйғарынды температуралық режим туралы ақпаратты мұқият оқып шығу қажет. Түктен жасалған бұйымдар үшін арнайы жуғыш құралдарды қолдану ұсынылады.

• **Көлемді заттар (Объемные вещи):** 40 °C температурада үлкен өлшемдегі тығыз бұйымдарды (көрпелер, көрпе жамылғылары, сыртқы киімдер) жуу режимі. Жууды бастар алдында заттарды барабанға біркелкі бөлу ұсынылады.стирки равномерно распределить вещи в барабане.

• **Сығу (Отжим):** бұл режимде машина жумайды және шаймайды, тек сығады.

• **Барабанды тазарту (Очистка барабана):** режим жоғары температурада машина барабанын тазартуға және стерилдеуге арналған. Бұл режим кір жууға арналмаған. Ең үздік нәтижеге жету үшін жуғыш құралдың аздаған мөлшерін қосу ұсынылады.

Бирюса WMD-MX814/15

Кір жуғыш-кептіру машинасының функциясы

- **Жылдамдық:** қажетті сығу жылдамдығын қадаммен таңдау функциясы: 0 - 400 - 600 - 800 - 1000 - 1200 - 1400
- **Температура:** қадаммен жуудың қажетті температурасын таңдау функциясы: Суық - 20° - 30° - 40° - 60° - 90°
- **Кейінге қалдырылған бастау (Отложенный старт):** бұл функция жуу циклі аяқталатын уақытты орнатуға мүмкіндік береді. Функцияны қосу үшін режим мен жуу функцияларын таңдағаннан кейін «Кейінге қалдырылған бастау» түймесін дәйекті түрде басу арқылы цикл аяқталғанға дейінгі уақытты 0-ден 24 сағатқа дейін 1 сағат қадаммен таңдау керек. Дисплейде таңдалған уақыт көрсетіледі және тиісті индикатор жанады. Кейінге қалдырылған бастау уақытын орнатқаннан кейін «Пауза/Старт» түймесін басу қажет. Жуу циклі басталғанға дейін функцияны өшіру үшін «Кейінге қалдырылған бастау» түймесін қайталап басып, «ОН» уақытын таңдау керек. Егер жуу циклі іске қосылған болса, функцияны өшіру үшін ауыстырып-қосқыш тұтқасын «Өшіру» күйіне бұраңыз, содан кейін қажетті режимді қайта таңдаңыз.
- **Бу (Пар) :** бұл функцияны қосқан кезде кір жуу кезінде заттар бумен өңделеді, бұл кір жуу тиімділігін ұлғайтады. Функцияны мына режимдермен қолдануға болады: Мақта, Аралас маталар, Балалар киімі.
- **Кептіру қарқындылығы:** функция жуудан кейін кірді кептірудің қажетті қарқындылығын беруге қызмет етеді:
 - ☼ - Жоғары қарқындылық. Кірді ұзақ кептіру, содан кейін заттарды цикл аяқталғаннан кейін бірден киюге болады. Кептірудің жоғары қарқындылығын таңдағанда, дисплейде «d3» көрсетіледі, сонымен қатар тиісті шам жанады.
 - ☼ - Әдеттегі қарқындылық. Шафта кейінірек сақтау үшін әдеттегі ұзындықтағы кірді кептіру. Бұл қарқындылық әдепкі бойынша орнатылған. Кәдімгі кептіру қарқындылығын таңдағанда, дисплейде «AU» көрсетіледі, сонымен қатар тиісті шам жанады.
 - ☼ - Уақыт бойынша кептіру. Сығарды уақытпен кептіру (30, 60, 90, 120, 180 минут). Уақыт бойынша кептіруді таңдағанда, дисплейде белгіленген уақыт көрсетіледі, сонымен қатар тиісті шам жанады.
- **Балалардан бұғаттау (Блокировка от детей):** функция режимді ауыстырып-қосқышты және басқару панеліндегі барлық батырмаларды балалардың теңшелімдерді кездейсоқ өзгертуінен сақтай отырып бұғаттауды іске қосу үшін қолданылады. Функцияны қосу үшін жуу циклі кезінде «Кейінге қалдырылған бастау» және «Кептіру» батырмаларын дыбыстық сигнал пайда болғанға дейін және «8» индикаторы қосылғанға дейін бір уақытта кемінде 3 секунд басып тұру керек. Балалардан бұғаттау функциясы белсенді болған кезде дисплейде «CL» және жуу аяқталғанға дейінгі уақыт көрсетіледі. Батырмалардың кез келгенін басқан кезде «8» индикаторы жыпылықтайды. Жуу циклі процесінде функцияны болдырмау үшін батырмаларды кем дегенде 3 секунд басып тұру керек.
- **Кідірту:** функция жуу алдында заттарды жібіту үшін пайдаланылуы мүмкін. Таңдалған бағдарламаны іске қосқаннан кейін шамамен 10 минут күту керек, содан кейін «Кідірту/Бастау» батырмасын басу керек. Жібітуге талап етілетін уақыт аяқталған соң қайтадан «Бастау/Кідірту» батырмасын басу қажет және кір жуғыш машина бағдарламаны орындауды жалғастырады. Жібіту қатты ластанған заттарды жуу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.
- **Кір жуу барысында кірді қосымша жүктеу:** функция кір жуу барысында заттарды барабанға қосымша жүктеуге мүмкіндік береді. Ол үшін жуу циклінің процесінде 3 секунд бойы «Бастау/Кідірту» батырмасын басу керек. Барабан тоқтап, есікшенің бұғатын ашқаннан кейін есікшені ашып, заттарды машинаға жүктеуге болады. Осыдан кейін сіз есікшені жауып, жуу циклын қалпына келтіру үшін «Бастау/Кідірту» батырмасын басыңыз керек.

HAZAP
АУДАРЫҢЫЗ!

Егер барабанда су деңгейі жоғары болса немесе жуу температурасы тым жоғары болса, функция қолжетімді емес.

- **Дыбыстық сигналды өшіру:** Машинаны іске қосқаннан кейін дыбыстық сигналды өшіру үшін «Жылдамдық» батырмасын басыңыз және кемінде 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дыбыстық дабылдаманы қалпына келтіру үшін өрекетті қайталаңыз.

Бирюса WMD-MX814/15

Жуу-кепіру машинаның жұмыс режимдерінің параметрлері

Режим	СУДЫҢ әдепкі температурасы, °С	Қол жетімді атқарымдар			Макс. жүктеу, кг жуу/кепіру	Әдеп. циклдің уақыты, сағ: мин	Барабанның әдепкі айналу жылдамдығы, айн / мин
		Кейінге қалдырылған бастау	Кептіру	Бу			
Мақта  (Хлопок )	Суық су, 20, 30, 40, 60, 90 (40)	О	О	О	8,0/6,0	3:39	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (800)
Аралас маталар  (Смешанные ткани )	Суық су, 20, 30, 40, 60, 90 (40)	О	О	О	8,0/6,0	1:20	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (800)
Балалар киімі  (Детская )	Суық су, 20, 30, 40, 60, 90 (60)	О	О	О	8,0/6,0	2:01	0, 400, 600, 800, 1000, 1200 (1000)
Жылдам 15 мин (Быстрая 15 мин)	Суық су, 20, 30 (Суық су)	О			2,0/-	0:15	0, 400, 600, 800 (800)
Кір жуу + кептіру 1 сағ (Стирка+сушка 1 час)	-	О	О		1,0/1,0	0:58	-
Тек кептіру (Только сушка)	-	О	О		-6,0	3:40	0, 800, 1000, 1200, 1400 (1200)
Кір жуу + кептіру (Стирка+сушка)	-	О	О		6,0/6,0	4:34	-
Синтетика	Суық су, 20, 30, 40, 60 (40)	О	О		4,0/3,0	3:18	0, 400, 600, 800, 1000, 1200 (800)
Жүнді алып тастау (Удаление шерсти)	Суық су, 20, 30, 40, 60, 90 (40)	О			4,0/-	2:04	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1200)
Ұқыпты (Деликатная)	Суық су, 20 (20)	О			4,0/-	1:08	0, 400, 600, 800, 1000, 1200 (1000)
Жылдам 59 мин (Быстрая 59 мин)	Суық су, 20, 30, 40, 60 (30)	О			4,0/-	0:59	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)
ЭКО 40-60	-	О			8,0/-	3:38	1400
Жүн (Шерсть)	Суық су, 20, 30, 40 (40)	О			2,0/-	1:07	0, 400, 600, 800 (600)
Көлемді заттар (Объемные вещи)	Суық су, 20, 30, 40, 60 (40)	О			8,0/-	1:48	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)
Сығу (Отжим)	-	О			8,0/-	0:12	0, 400, 600, 800, 1000, 1200, 1400 (1000)
Атанақты тазарту (Очистка барабана)	90	О			-/-	1:18	-

Ескерте:

Жуу-кепіру машинасы әрбір жүктемеге бейімделе отырып, кептіру ұзақтығын автоматты түрде түзететін арнайы ылғалдылық қадағасымен жабдықталған. Бағдарламалардың уақыты бағдарлы болып табылады.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Машинаны тазарту немесе қызмет көрсетуді бастаудың алдында машинаның қуат баусымын розеткадан суыру және суды беру шүмегін жабу қажет.

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ!

• Машинаны және оның құрамдас бөліктерін қолдану үшін өткір заттарды және металл қылшақтарды, сондай-ақ қажағыштары мен еріткіштері бар құралдарды қолдануға!

• Машинаны су ағынының астында жууға.

Машинаның бетін қажет болса сұйылтылған қажағыш емес бейтарап тазартқыш құралдардың көмегімен тазарту керек. Су асып тегілсе оны дереу дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Егер пайдалану барысында судың температурасы нөлден төмендесе және машина «қатып қалса», мыналарды орындау қажет:

- машинаны электр қуатынан ажыратыңыз;
- құю құбыршегінің қосылысын босату үшін суды беру шүмегін жылы сумен жуыңыз;
- құю құбыршегін ажыратыңыз және оны жылы суға салыңыз;
- барабанға жылы су құйыңыз және кем дегенде 10 минут күтіңіз;
- құю құбыршегін жалғаңыз және суды ағызу және берудің қалыпты жұмысына көз жеткізіңіз.

Машинаны пайдалануды қалпына келтірмес бұрын, үй-жайдағы температура 0 °C-тан жоғары екеніне көз жеткізіңіз. Егер машина жиі қататын үй-жайға орнатылса, әр жуудан кейін құю және су ағызу құбыршектерінен қалған суды мұқият тегіп тастаңыз.

Құю құбыршегінен судың қалдықтарын ағызу үшін мыналарды орындау қажет:

- суды беру шүмегін жабыңыз;
- құю құбыршегін шүмектен ажыратыңыз және оның ұшын суды жинауға арналған сыйымдыққа батырыңыз;
- «Ағызу» және «Сығу» режимінен басқа кез келген жұмыс режимін іске қосыңыз;
- шамамен 40 секундтан кейін құбыршектен су аға бастайды. Суды ағызудың аяқталғанын күту қажет;
- құбыршекті шүмекке жалғаңыз;
- қалған суды ағызыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіктерді болдырмау үшін бұл операцияларды тек машинадағы ыстық су суығаннан кейін жүргізу керек.

Машинаның барабанын тазарту





Кір жуудан кейін қалған барабанның ішкі бетіндегі тот және басқа ластанулар хлор қосылыстары жоқ тазартқыш құралдармен дереу жойылуы тиіс.

Әрбір кір жуғаннан кейін есікшенің әйнегін және машина барабанының тығыздауышын тазарту және құрғатып сүрту қажет. Кір жуғаннан кейін тығыздауышта қалған батпақ және бетен заттар судың жылыстауының себебі болуы мүмкін.

Құю сүзгілерін тазарту

Егер суды беру шүмегі толықтай ашық болса, бірақ су жеткіліксіз мөлшерде келсе, келесі тәсілмен құю сүзгілерін тазалау қажет:

- суды беру шүмегін жабыңыз;
- құю құбыршегін шүмектен ажыратыңыз;
- су ағыны астында құю құбыршегінің сүзгісін жуыңыз;
- құю құбыршегін машинадан ажыратыңыз;
- тістеуіктермен машинаның құю сүзгісін алып шығарыңыз;
- сүзгіні су ағынының астында жуыңыз, содан кейін сүзгіні орнына орнатыңыз;
- құю құбыршегін жалғаңыз және судың жылыстамайтынына көз жеткізіңіз.



Ағызу сорғысының сүзгісін тазалау

- Ағызу сорғысының сүзгісі кір жуған кезде машинаға түсетін матаның қиындыларын және кішкентай заттарды ұстап тұрады.
- Машинаның қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін мезгіл-мезгіл сүзгіні тазалау ұсынылады.
- Сүзгіні тазалау ағызу немесе сығу операцияларын жүргізбеген жағдайда, сондай-ақ ағызу кезінде сүзгіге түскен бөгде заттар шығаратын бөгде шу естілсе жүргізілуі тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Машина сорғы арқылы жұмыс істеген кезде ыстық су келуі мүмкін. Машина жұмыс істеген кезде сорғының қақпағын ешқашан алмаңыз. Машинаның жұмыс циклінің аяқталуын күтіңіз. Сүзгіні және қақпақты орнына орнатқан кезде олардың берік және тығыз орнатылғанына көз жеткізіңіз.


Ағызу сорғысының сүзгісін тазалау үшін мыналарды орындау қажет:

1. Сүзгінің қақпағын ашыңыз.
2. 90° бұраңыз және шұғыл су төгетін құбыршекті шығарыңыз. Құбыршектен тығынды алыңыз және оны су жинайтын ыдысқа салыңыз.
3. Суды ағызу аяқталғанша күтіңіз, содан кейін тығынды құбыршекке салыңыз және орнына орнатыңыз.
4. Сүзгіні сағат тіліне қарсы бұраңыз, содан кейін оны машинаның корпусынан шығарыңыз.
5. Машинаның сүзгісінен және корпусынан кірді және бөтен заттарды алыңыз.
6. Сүзгіні орнына салыңыз және сағат тілі бойынша тірелгенше бұраңыз, содан кейін сүзгінің қақпағын орнына орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Машинаның кейбір модельдерінде шұғыл су төгетін құбыршек болмауы мүмкін. Құбыршек болмаған жағдайда, суды ағызуды бастау үшін сүзгі қақпағын бұру керек.


Шұғыл су төгу құбыршегі



Кір жуғыш құралдарға арналған науаны тазарту

Жуғыш құралдарға арналған науаны тазарту үшін мыналарды орындау қажет:

1. Машина корпусынан науаны абайлап шығарыңыз.
2. Науаның барлық бөлімшелерін су ағынының астында жуыңыз. Қажет болса науаны тазарту үшін жұмсақ қылшақты пайдалануға болады.
3. Жұмсақ қылшақпен машина корпусының ішінде ластануларды алып тастаңыз.
4. Науаны орнына орнатыңыз және оны тірелгенше жылжытыңыз.



ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер аталған жағдайлардың КЕЗ КЕЛГЕНІ туындаса, машинаны дереу сөндіріңіз:

- Қуат кабелі зақымдалған немесе қызып кетеді;
- Жану иісі бар;
- Түтіндеу белгілері байқалады;
- Қорғаныс құрылғылар жиі іске қосылады.

ЖАРАМСЫЗДЫҚТЫ ӨЗ БЕТІҢІЗБЕН ЖОЮҒА ТЫРЫСПАҢЫЗ. АВТОРИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНА ДЕРЕУ ЖҮГІНІҢІЗ!

Жалпы кеңінен таралған мәселелер:

Ақаулық, оның сырттан білінуі	Ықтимал себебі	Ақаулықты анықтау және жою әдістері
Машина іске қосылмайды		Есікшенің тығыздап жабылғандығын тексеріңіз. Қуат баусымы ашасының дұрыс салынғанын тексеріңіз. Су беру шүмегінің ашық па екенін тексеріңіз. «Бастау/Кідірту» батырмасы басылғанын тексеріңіз.
Машинаның есігі ашылмайды	Машинаны қорғаудың кіріктірілген жүйесі қосылған.	Машинаны электр қуатынан ажыратыңыз және қайтадан жалғаңыз.
Машина суды қыздырмайды	Температура датчигінің ақаулығы.	Сервистік орталыққа жүгініңіз
Судың жылыстауы	Ағызу немесе құю құбыршегінің тығыз емес қосылуы. Ағызу құбыршегі бітелген немесе қысылған.	Құбыршектердің қосылыстарын тексеріңіз. Ағызу құбыршегін тазалаңыз. Қажет болса, сервистік орталыққа жүгініңіз.
Индикаторлар немесе дисплей жұмыс істемейді	Қуат баусымы ажыратылған. Басқару панелімен мәселелер.	Машинаның қуаты қосылғанын, қуат баусымының қосылғанын тексеріңіз. Сервистік орталыққа жүгініңіз.
Науада жуғыш құрал қалады	Кір жуатын ұнтақ қатты ылғалданған және жентектелген.	Науаны тазартыңыз және құрғатып сүртіңіз. Сұйық жуғыш құралдарды немесе барабандық типті машиналарға арналған арнайы құралдарды қолданыңыз.
Кір жуудың сапасы қанағаттанғысыз	Су тым кір. Жуғыш құралдың мөлшері жеткіліксіз.	Дұрыс кір жуу режимін таңдаңыз. Дайындаушының ұсыныстарына сәйкес жуғыш құралдың дұрыс мөлшерін қосыңыз.
Громкий шум, сильная вибрация при работе машины		Проверьте, удалены ли транспортировочные болты. Проверьте, установлена ли машина на ровном и твердом полу. Проверьте, отсутствуют ли внутри машины посторонние предметы. Проверьте, установлена ли машина горизонтально.

Кейбір ақаулар төмендегі кестеге сәйкес машинаның дисплейіндегі қате кодтарымен көрсетіледі.

Дисплейдегі индикация	Ықтимал себебі	Ақаулықты анықтау және жою әдістері
E30	Машина есігі толық жабылмаған	Машинаның есігін тығыз жабыңыз. Заттар есікшенің ойығында тұрып қалмағанын тексеріңіз.
E10	Жуу кезінде сумен жабдықтау мәселесі	Сумен жабдықтау қысымын тексеріңіз. Құю құбыршегінің қысылмағанын тексеріңіз. Құю сүзгілерінің ластанбағанын тексеріңіз.
E21	Суды ағызу уақытының артуы	Су ағызатын құбыршектің ластанбағанын тексеріңіз
E12	Судың асып төгуі	Машинаны қайта іске қосыңыз.

Басқа ақаулықтар туындаған жағдайда машинаны электр қуатынан ажыратыңыз және қайтадан қосыңыз. Егер мәселе жойылмаса, авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Машинаны тігінен мықтап бекітіп, жабық көліктің барлық түрлерімен тасымалдауға рұқсат етіледі.
- Тасымалдауға байланысты жұмыстар басталғанға дейін машинаны электр желісінен ажырату қажет.
- Машинаны тасымалдамас бұрын, тасымалдау кезінде машинаны қорғайтын бұрандалар мен құрылғыларды орнату қажет.
- Тасымалдау және жылжыту кезінде машинаның есігі тығыз жабылуы керек.
- **Машинаны тек тігінен тасымалдауға рұқсат етіледі!**
- **Машинаны тасымалдау бұрандаларын бекітпей тасымалдауға жол берілмейді! Тасымалдау бұрандаларын орнатуды тек білікті персонал жүргізуі керек!**
- Қапталған машинаны салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспайтын табиғи желдетілетін жабық үй-жайларда сақтау қажет.
- Егер машина ұзақ уақыт пайдаланылмаса немесе жылытылмайтын бөлмеде сақталса, машинадан суды толығымен төгіп тастау керек («су төгу сорғысының сүзгісін тазалау» тармағын қараңыз, су төгу кезінде машинаны алға еңкейту керек).

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

- Белгіленген қызмет мерзімі өткеннен кейін шығарушы машинаның қауіпсіз жұмыс істеуі үшін жауап бермейді.
- Машина жергілікті басқару органдары белгілеген электр және электрондық жабдықтарды кәдеге жарату ережелеріне сәйкес кәдеге жаратуға жатады. Машинаны кәдеге жаратпас (жоймас) бұрын оны электр сымын кесу арқылы жарамсыз ету керек.
- Қаптау материалдары жергілікті ережелерге сәйкес қайта өңделеді және қайта пайдаланылады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сипаттамалары	Үлгінің белгіленуі	Бирюса WM-MX1214/15
Атаулы жүктеме, кг		12,0
Барабан көлемі, л		76
Атаулы кернеу, токтың жиілігі, В, Гц		220-240 ~, 50
Токтың номиналды күші, А		10
Атаулы тұтынатын қуаты, Вт		2000
Судың жұмыс қысымы, МПа		0,05 - 1,0
Барабанның ең жоғары айналу жылдамдығы, айн/мин		1400
Сығу класы		В
Энергия тиімділігінің класы		A+++
Циклге орташа су шығыны, л		57
Циклге энергия тұтыну, кВтсағ		0,54
Габариттік өлшемдері, мм:		
ені		595
тереңдігі		660
есігі ашық күйдегі тереңдігі, мм		1105
биіктігі		850
Таза салмағы, кг, артық емес		73
Кір жуу режимінде шуыл деңгейі, дБА		54
Сығу режимінде шуыл деңгейі, дБА		76
Қозғалтқыш түрі		Инвертор
Режим тестирования энергопотребления: Хлопок 60°C/40°C. Скорость вращения барабана – максимальная. Остальные настройки - по умолчанию. Половинная загрузка: 6,0 кг при номинальной загрузке 12,0 кг. Фактическое потребление электроэнергии и воды зависит от режимов работы и условий эксплуатации машины.		

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сипаттамалары	Үлгінің белгіленуі	Бирюса WMD-MX814/15
Кір жуудың атаулы сыйымдылығы, кг		8,0
Барабан көлемі, л		52,7
Құрғатудың атаулы сыйымдылығы, кг		6,0
Атаулы кернеу, токтың жиілігі, В, Гц		220-240 ~, 50
Токтың номиналды күші, А		10
Атаулы кір жуудың тұтынатын қуаты, Вт		1900
Атаулы құрғатудың тұтынатын қуаты, Вт		1300
Судың жұмыс қысымы, МПа		0,05 - 1,0
Барабанның ең жоғары айналу жылдамдығы, айн/мин		1400
Сығу класы		В
Энергия тиімділігінің класы		А
Циклге орташа су шығыны, л		48
Циклге энергия тұтыну, кВтсағ		0,75
Жуып-кептіру цикліне орташа су шығыны, л		90
Жуып-кептіру цикліне энергия тұтыну, кВтсағ		5,44
Габариттік өлшемдері, мм:		
ені		595
тереңдігі		540
есігі ашық күйдегі тереңдігі, мм		985
биіктігі		850
Таза салмағы, кг, артық емес		63
Кір жуу режимінде шуыл деңгейі, дБА		56
Сығу режимінде шуыл деңгейі, дБА		78
Құрғату режимінде шуыл деңгейі, дБА		62
Қозғалтқыш түрі		Инвертор
Энергия тұтынуды тестілеу режимі: Мақта 60°C / 40°C. Барабанның айналу жылдамдығы - максималды. Қалған параметрлер – бастапқы қалпы бойынша. ЖАРТЫЛАЙ ЖҮКТЕУ: 4,0 кг номинал жүктеме кезінде 8,0 кг. Электр қуаты мен суды нақты тұтыну машинаның жұмыс режимі мен жұмыс жағдайына байланысты.		

«Бирюса» КТЗ» ААҚ тапсырысы бойынша шығарылды. Ресей, 660123, Красноярск қ., пр. «Красноярский рабочий» газеттері, 29, www.biryusa.ru.

Өндірілген: WUXI LITTLE SWAN ELECTRIC CO., LTD, No.18 South Changjiang RD, New District, Wuxi, Jiangsu, China

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Бирюса» сауда маркасының бұйымын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Кепілдік шарттары

Дайындаушы зауыттың кепілдік міндеттемелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде әзірленген.

Кір жуғыш машиналарға екі жылдық кепілдік мерзімі белгіленген.

Кепілдік мерзімі ішінде аспаптың ақаулығы анықталса, дайындаушы (сатушы) «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

Түсініспеушілікті болдырмау үшін, Сізден бұйымдарды пайдалану және сақтау ережелері мен шарттарын, кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуіңізді.

Кепілдікті қызмет көрсету мерзімі аспапты сатқан күннен бастап есептеледі. Егер сату күнін белгілеу мүмкін болмаса, «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кепілдік мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Кепілдікті жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін немесе «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген басқа талаптарды қойған кезде, Сізден ілеспе құжаттарды (чек, квитанция, электрондық чек, сатып алу күні мен орынн растайтын басқа құжаттар) сақтауыңызды өтініп сұраймыз. Бұйымның сапасы бойынша кез келген наразылықтар «Бирюса» авторизацияланған сервис орталығының өкілі бұйым сапасын алдын ала тексергеннен кейін ғана қарастырылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты сатып алған кезде сатушымен бірге пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген жұмысқа қабілеттілігін, жиынтықтылығын, механикалық зақымдардың жоқтығын тексеріңіз. Дайындаушы-зауыт олар тұтынушыға тапсырғаннан кейін туындаған жағдайда аспаптың механикалық зақымдары мен толымсыздығы үшін жауапты болмайды.

Аспапты жөндеу пайдалану орнында немесе кепілдікті шеберханада жүргізіледі. Аспапты жөндеу үшін кепілдікті шеберханаға жеткізу, ауыстыру және оны тұтынушыға қайтару жасалған шарттың негізінде сатушының (дайындаушының) немесе сатушының (дайындаушының) функцияларын орындайтын ұйымның күшімен және есебінен жүргізіледі.

Кепілді жөндеуге арналған №1, №2, №3, №4 талондарды механик кепілді мерзім кезеңінде тораптар мен бөлшектерді ауыстыра отырып жөндеуді орындағаннан кейін, сондай-ақ кепілді мерзім кезеңінде тораптар мен бөлшектерді алмастырмай аспапты реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде алып қояды.

Кепілдікті шеберханадағы механик талондарды алып қойған кезде талон түбіртегіндегі деректерді жазып алуды талап етіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Корпустың ішінде немесе артқы қабырғасында орналасқан (өнім түріне байланысты) бұйым туралы толық ақпаратты (модель, сериялық нөмірі, шығарылған күні, штрих коды) қамтитын зауыттық сәйкестендіруші жапсырмаларды өнімнен алып тастауға тыйым салынады. Бұл ақпарат құрылғының қызмет ету мерзімі ішінде техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін маңызды. Зауыттық сәйкестендіру жапсырмасының болмауы құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік беруді мүмкін етпейді.

Кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін кассалық чекті, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және кепілдік картасын сақтаңыз. Аспапқа қоса берілетін пайдалану жөніндегі нұсқаулық пен кепілдік картасы жоғалған кезде қалпына келтірілмейді.

Дайындаушының кепілдігі берілмейді және дайындаушы келесі жағдайларда жауапты болмайды:

Аспапты тасымалдау, орнату немесе пайдалану процесінде пайда болған сыртқы және ішкі ластанулар, сызаттар, жарықтар, ойықтар, жауырлар және басқа да механикалық зақымданулар болған кезде.

Аспапты орнату, қызмет көрсету және күту ережелерін сақтамау салдарынан туындаған ақаулар туындаған жағдайда.

Аспапты электр желісіне қосу үшін ұзартқыш сымдарды, ұшайырларды және жалғағыштарды пайдаланудан туындаған ақаулар мен ықтимал зақым болған жағдайда.

Аспаптың сәйкестендіру және сериялық нөмірі бар зауыттық тақтайша болмаған немесе бүлінген жағдайда.

Аспапты мақсаты бойынша қолданбаған жағдайда.

Аспап құралымына рұқсат етілмеген араласу салдарынан туындаған ақаулар туындаған жағдайда. Рұқсат етілмеген араласу анықталған жағдайда дайындаушының кепілдік міндеттемелері тоқтатылады.

Төтенше жағдайлардан немесе еңсерілмейтін күштің әсерінен (өрт, табиғи апат және т.б.) туындаған ақаулар туындаған жағдайда.

Аспаптың антисанитариялық жағдайына байланысты ақаулар туындаған жағдайда. Аспап пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген техникалық қызмет көрсету және күтім жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес таза ұсталуы тиіс.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта айтылған техникалық талаптардың елеулі бұзылулары, оның ішінде электр желісі параметрлерінің тұрақсыздығы салдарынан туындаған ақаулар туындаған жағдайда.

Құрамында қышқылдар, еріткіштер немесе абразивтер бар тазалау және жуу құралдарын қоса алғанда, стандартты емес немесе сапасыз шығын материалдарын, керек-жарақтарды, тұрмыстық химия құралдарын пайдаланудан туындаған аспаптың ақаулары немесе функционалдық сипаттамалары нашарлаған жағдайда.

Аспаптың ішіне бөгде заттардың түсуінен туындаған, сондай-ақ әктастың пайда болуы немесе ластанған суды пайдалану салдарынан туындаған ақаулар немесе функционалдық сипаттамалардың нашарлауы жағдайында.

Егер аспап пайдаланылмаса және бұл ретте су беру краны жабылмаса және аспап электр желісінен ажыратылмаған жағдайда пайда болған залал үшін дайындаушы жауапты болмайды. Егер аспап пайдаланылмаса, су құбырын жауып, аспапты электр желісінен ажырату керек.

Тұтынушы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және кепілдік картада көрсетілген дайындаушының талаптарын сақтамаған жағдайда, дайындаушы тұтынушыға немесе өзге де жеке және заңды тұлғаларға келтірілген кез келген ықтимал залал үшін қандай да бір жауапты болмайды.

Кепілдік аспаптың дұрыс жұмыс істеуіне әсер етпейтін косметикалық ақауларға, сондай-ақ табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектерге (сүзгілер, төсемелер, тығыздағыштар, резеңке құбыршықтар, сәндік төсемдер, қуат элементтері, толсалар, кронштейндер, саптамалар және т. б., соның ішінде қолмен жылжытылатын пластмасса, әйнек және металл бөлшектерге, жәшіктерге, жәшіктердің қаптамаларына, есік тұтқаларына, есіктің әйнек блогына, қақпақ пердесіне, камера құлпына, серелерге, аксессуарларға) қолданылмайды.



Авторизацияланған сервис орталықтарының телефондары мен мекенжайлары туралы ақпаратты www.biryusa.ru сайтымызда немесе QR-кодты сканерлеп таба аласыз.

Егер сізде «Бирюса» өнімдерінің сапасына немесе сервистік қызмет көрсетуіне байланысты сұрақтарыңыз болса, сіз сервистік қызмет көрсету бөліміне **8 800 250 0014** (РФ кез келген өңірінен қоңырау шалу тегін) телефоны бойынша хабарласа аласыз, **жұмыс тәртібі - дс-жм 04:00-13:00 (MSK)** немесе service@biryusa.ru электрондық поштасына өтініш жасай аласыз.

Үлгісі

Сериялық нөмірі

Дайындалған күні

Сатушы ұйымның атауы

Кепілдік жағдайларының шарттарымен таныстым, жиынтықталымға және сыртқы түріне шағымдарым жоқ

Сатылған күні

М. О.

Талонның түбіртегін міндетті түрде толтыру және тұтынушыда қалдыру қажет

Кепілдікті жөндеуге № 1 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 2 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 4 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

бюрюса

№ 1 кепілдік жөндеу талоны

Үлгісі _____

Сериялық № _____

Дайындалған күні _____

Сатылған күні _____ М.О.

бюрюса

№ 2 кепілдік жөндеу талоны

Үлгісі _____

Сериялық № _____

Дайындалған күні _____

Сатылған күні _____ М.О.

бюрюса

№ 3 кепілдік жөндеу талоны

Үлгісі _____

Сериялық № _____

Дайындалған күні _____

Сатылған күні _____ М.О.

бюрюса

№ 4 кепілдік жөндеу талоны

Үлгісі _____

Сериялық № _____

Дайындалған күні _____

Сатылған күні _____ М.О.

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____